



ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени АЛЬ-ФАРАБИ AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

ХАБАРШЫ

ШЫҒЫСТАНУ СЕРИЯСЫ

ВЕСТНИК

СЕРИЯ ВОСТОКОВЕДЕНИЯ

BULLETIN

ORIENTAL SERIES

4(70) 2014

ӘОЖ 81'38; 801.6; 808

Г.К. Шатекова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
E-mail: gu-lee1985@mail.ru

Корей және қазақ тіліндегі еліктеуіш сөздерді салыстырмалы талдау

Мақалада автор қазақ тілі мен корей тіліндегі еліктеуіш сөздерге сипаттама бере отырып, оларды салыстыра талдаған. Екі тілдегі еліктеуіш сөздерді байланыстыра, салыстыра зерттеу арқылы олардың ұқсастықтары мен ерекшеліктерін көрсеткен.

Түйін сөздер: корей тілі, қазақ тілі, еліктеуіш сөздер, бейнелеуіш сөздер, салыстырмалы талдау.

G.K. Shatekova

Comparative analysis of korean imitative words with imitative words in kazakh language

In article the author, describing and comparing imitative words of the Korean and Kazakh languages, analyzes them. As a result of research, having compared and having connected words of two languages, the author shows their similarities and differences.

Key words: Korean language, Kazakh language, imitative words, figurative words, comparative analysis.

Г.К. Шатекова

Сравнительный анализ звукоподражательных слов корейского и казахского языков

В статье автор, описывая и сравнивая звукоподражательные слова корейского и казахского языков, анализирует их. В результате исследования, сопоставив и связав слова двух языков, автор показывает их сходства и различия.

Ключевые слова: корейский язык, казахский язык, звукоподражательные слова, образные слова, сравнительный анализ.

Еліктеуіш сөздер семантикалық жағынан алғанда, біріншіден, табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың бір-бірімен қақтығысу я соқтығысуларынан туатын, сондай-ақ неше түрлі жан-жануарлардың дыбыстау мүшелерінен шығатын әр түрлі әрекет қимылдарынан туатын, әр қилы дыбыстарға еліктеуінен пайда болған түсініктерді білдірсе, екіншіден, сол табиғатта ұшырайтын сан алуан құбылыстар мен заттардың және неше түрлі жан-жануарлардың сыртқы сын-сипаты мен қимыл әрекеттерінің де қилы-қилы көріністерінен пайда болатын түсініктерді білдіреді. Мысалы,

сарт-сұрт, жарқ-жүрк, қырт-қырт, пытыр-пытыр, шорт, бұрқ-сарқ, сар-сар, жылт-жылт, сылдыр-сылдыр, пыр, шыр-шыр, т.б.

Еліктеу сөздердің бір тобы семантикалық мағыналары жағынан табиғатта ұшырасатын әр алуан дыбыстармен байланысты болса, екінші тобының семантикалық мағыналары сол табиғаттағы әр қилы табиғи көріністердің бейнелерімен байланысты. Бейнелеуіш сөздер адамның жан-жануарлардың т.б. сыртқы көрінісін бейнелеп көрсетуден пайда болған. Мысалы, *ду* (етіп қызару), *елең*, *жалп-жалп*, *қылт-қылт*, *арбаң-арбаң*, *тырбың-тырбың*, *ербең-ербең*,

одыраң-одыраң, сораң-сораң, талтаң-талтаң, күйбең-күйбең, қорбаң-қорбаң т.б. [1].

Корей тілінде еліктеуіш және бейнелеуіш сөздер үшін ортақ атау жоқ, олар әрдайым «еліктеуіш-бейнелеуіш сөздер (의성어 의태어)» болып жүреді. Сондықтан корей тілінде аты өзі айтып тұрғандай, еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің қосарлана аталуына сәйкес, бұл сөздердің де еліктеуіш сөздер тобы және бейнелеуіш сөздер тобы болып бөлінетінін байқауға болады. Корей тілінің ортақ үлкен сөздігіне жүгінер болсақ, еліктеуіш сөздер деп адам немесе заттың дыбысын ұқсас етіп шығаратын сөздерді атайды. Мысалы, Пак Чем Ди бар дауыспен ән салды: *Шрыы-рын (스르릉), шрыы-рын (스르릉), сак-сак (삭삭)* (Ли Ги Ен). Ал бейнелеуіш сөздер деп адам немесе заттың бейне, қимылын ұқсас етіп көрсететін сөздерді атайды. Мысалы, Отбасы мүшелері бәрі жиналып *осун-досун (오손도순)* жарасымды әңгімелесті (ТОPIK сұрақтар жинағы). Еліктеуіш-бейнелеуіш сөздер корей тілінің маңызды пәндерінің бірі бола тұра, дыбыстас сөздер, жоғарыда атап өткен «санджино (상징어)» (символикалық лексика), еліктеу сөздер деген терминдерді өз құрамына кіргізе алады. Осылайша корей тіліндегі еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің жеке дербес сөздер тобы екенін көре аламыз.

Корей тілінде де, қазақ тілінде де еліктеуіш сөздердің түрлері жеткілікті. Аталмыш екі тілдегі еліктеуіш сөздерді былайша ортақтастырдық:

1. Табиғат құбылыстарының (жаңбырдың жаууы, найзағайдың күркіреуі, желдің гуілі, жапырақтың құлауы, өзен суының ағуы т.б.) дыбыстарына еліктеуден пайда болған сөздер. Мысалы, Абай қасына келді де, суға Оспанмен бірге *шомп* етіп құлап кетті (М.Әуезов). Цзян Тайгун тастан келі жасады. Келсаппен ұрғанда *ттоль-кку-дон (떨꾸덩)* деп үн шықты. *Ттоль-кудон (떨꾸덩)* деп сенің құлағына естілер («Адал Чхун Хян»).

2. Түрлі жан-жануарлардың дауыстарына еліктеуден пайда болған сөздер. Мысалы, Құтырған көк төбеттей *арс-арс* етіп,

Бақсыны кім әкелген *ырылдаатып* (С.Торайғыров).

3. Адамға байланысты (күлу, жылау, есіну, түшкіру, ұйықтау, айқайлау т.б.) дыбыстарға, қимылдарға еліктеуден пайда болған сөздер. Мысалы, Ол *ныс-ныс* ұйықтаған баланың қасына келіп, айналып, толғанып тұр (Ғ.Мұстафин). Отыншы мұңайып *оң-оң (엉엉)* деп жылады («Перизат пен отыншы» ертегісі).

4. Түрлі механизмдердің (машина, техника, музыкалық аспап т.б.) дыбыстарына, қимылдарына еліктеуден пайда болған сөздер. Мысалы, Күректердің *зың-зың* еткені енді естіле бастады (Ғ.Мүсірепов). Теңізшілер дабылды таяқшалармен *тун-дун (둔둔), тун-дун (둔둔), тури-дун-дун (두리둔둔)* деп қағып отырды («Сопы Сим Чхон») [2].

Еліктеуіш сөздер-салғастырылып отырған екі тілде де қоршаған ортадағы, адам және басқа да жан-жануарлардың дыбыстары мен қандай да бір жанды-жансыз заттың немес құбылыстың күй-сипатын білдіретін сөздер. Кесте 1-табиғатта кезітетін сан алуан дыбыстарға еліктеп, оларды тілде білдіретін сөздер қазақ тілінде де, неміс тілінде де дыбыстық еліктеуіш сөздердің негізгі денін құрайды. Найзағайдың күркіреуін білдіретін *у-ры-рын (우르릉)*, найзағайдың ұруын білдіретін *ту-ду-туң-кхуаң (두두둥광)*, жауынның да дыбыстарын түрліше білдіретін *джуак (작)*, *джу-рук-джу-рук (주룩주룩)*, *ху-ды-дык-ту-ды-дык (후두득두드득)* сияқты сөздер табиғаттағы бір құбылысты түрліше дыбыстап көрсетеді. Корей тіліндегі дыбыстық еліктеуіш сөздер осылайша ерекшелене, белгілі бір дыбыстарға негізделетін еліктеуіш сөздердің санын көбейтіп отыр. Ал қазақ тілінде дыбыстық еліктеуіш сөздерге қарағанда алуан түрлі іс-әрекетті, жанды-жансыз заттар мен құбылыстардың жайы мен күйін, ішкі-сыртқы қалпын қалпын көрсететін бейнелеуіш сөздер көп. Сонымен байланысты, олардың тілдегі қолданылу ауқымы да еліктеуіш сөздермен салыстырғанда кеңірек.

Кесте 2 сөздерден, әсіресе, қойдың маңырауы, ешкінің маңырауы, сиырдың мәңгіреуі, тышқанның шиқылдауынан екі тілде жақын дыбыстық ұқсастықтарын көреміз. Алайда корей тілінде жануарлармен байланысты еліктеуіш сөздердің тағы бір тобы бар. Олар жануарларды шақыру, қарату сөздері. Мысалы, мысықты шақыру-*а-на (아나)* немесе атымен; итті шақыру *-о-э-э-э (아여여여)* немесе атымен; тауықты шақыру-*ку-гу-гу (구구구)*; мысықты қуу белгісі-*шуи (쉬)* т.б. Әрине, төрт түлікті ертеден қолына бағындырып келген қазақ халқының тілінде жануарларды қарату, шақыру сөздері жоқ деп айтсақ тарихымызды теріске шығарғанымыз болар. Бірақ қазақ тілінде бұл сөз топтары одағай сөздердің, соның ішінде шақыру одағайларының құрамына енгізілген. Одағай сөздер, алдыңғы бөлімде айтылғандай, еліктеуіш сөздермен өте ұқсас сөз табы. Олар қазақ тілінде еліктеуіш сөздерден өзгеше толық

мағынасы болмайтын, адамның түрлі көңіл-күйін білдіретін және жан-жануарларға қаратылып айтылатын сөздер. Одағайдың үш түрі бар: 1) көңіл-күй одағайлары; 2) жекіру одағайлары; 3) шақыру одағайлары. Жоғарыда келтірілген корей тіліндегі жан-жануарларға қаратпа сөздер қазақ тілінде одағайдың үшінші түрі шақыру одағайлары болып табылады. Мысалы, қойды шақыру – пұшайт-пұшайт; түйені шақыру – көс-көс; ешкіні шақыру–шөре-шөре; жыл-

қыны шақыру – құрау-құрау, моһ-моһ; сиырды шақыру – ауһау-ауһау, әукім-әукім; итті шақыру – кә-кә, айтақ-айтақ, атымен; мысықты шақыру – пырс, т.б. Мысалдан байқалып отырғандай, қазақ тілінде шақыру одағайларының түрі көп әрі бұл сөздер тобы жеке пән ретінде де зерттелгені аз емес. Алайда еліктеуіш сөздерді зерттей келе, қазақ тілінде олардың одағай сөздерден айырмашылықтарын ескере жүрген жөн [3].

Мұндағы адамның шығаратын ды-

1-кесте

Табиғат құбылыстары	Корей тілінде	Қазақ тілінде
найзағайдың күркіреуі	우르릉 (у-ры-рың)	тарс, тұрс, гүрс, күрк
желдің үні	썉썉 (сәң-сәң)	гу-гу, зу-зу
найзағайдың ұруы	두두둥 쿵 (гу-ду-гуң-кхуаң)	жарқ, жұрқ
жаңбырдың жаууы	썉악 (ссуак), 주룩주룩 (джу-рук-джу-рук), 득두드득 (ху-ды-дык-гу-ды-дык)	тарс-тарс, себелең
өзен суының ағуы	졸졸 (джоль-джоль)	сылдыр, салдыр, сар-сар, гүр-гүр
су тамшысы	썉로롱 (чжо-ро-роң)	бұлқ, бүлк
теңіз толқынының шуы	썉썉썉썉 (чоль-ссок-чоль-ссок)	шарп

2-кесте

Жан-жануарлар мен құстардың дыбыстары	Корей тілінде	Қазақ тілінде
иттің үруі, күшіңтің шәңкілдеуі	멍멍 (моң-моң), 왕왕 (уаң-уаң)	әу-әу, маңқ-маңқ, арс-арс, шәңк-шәңк, т.б.
тауықтың құркылдауы	꼬끼오 (кко-кки-о)	құрк-құрк
қаздың қаңқылдауы	꽹꽹 (куэк-куэк)	қаңқ-қаңқ
есектің ақыруы	깹깹 (кхоң-кхоң)	иаһ
әтештің шақыруы	비비썉 (би-бе-джон)	кукареку
қарғаның қарқылы	까까 (ккак-ккак)	қарқ
қойдың маңырауы	매-애-애 (мә-ә-ә)	мә-ә
ешкінің маңырауы	매해-애 (мә-хә-е)	мә-ә
сиырдың мөңіреуі	음매 (ым-мә)	мө-ө
мысықтың мияулауы	야옹야옹 (я-оң-я-оң)	мияу
тышқанның шикылдауы	썉썉 (джик-джик)	шиқ-шиқ
бақаның бақылдауы	개굴개굴 (кә-гуль-кә-гуль)	бақ-бақ
кішкене құстардың шықылықтауы	썉썉 (джэк-джэк)	шық-шық
доңыздың қорсылдауы	꿀꿀 (куль-куль)	қорс-қорс
үкінің дыбысы	부엉부엉 (пу-оң-пу-оң)	у(һ)-у

быстарына келсек (Кесте 3), олар корей тіліндегі түшкіруді білдіретін *э-чуи* (애취), күлкіні білдіретін *паң-гыт-паң-гыт* (방긔방긔), *щиң-гыт-щиң-гыт* (싱긔싱긔), *ха-ха* (하하), *хе-хе* (헤헤), қорылды білдіретін *ды-ры-роң-ды-ры-роң* (드르릉드르릉) және т.б. еліктеуіштер қазақ тілінен әлдеқайда ерекшеленеді. Қазақ тілінде түшкіру ауызекі тілде әпчү, әпшү еліктеуіштерімен айтылғанымен, әдеби тілде түшкіру етістігі арқылы беріледі. Қазақ тілінде «Күлкінің әртүрлі реңктерін білдіретін елуге жуық еліктеуіш сөздер бар» екендігін ескерсек, корей тілінде де күлкіні білдірудің дыбыстары жеткілікті. Екі тілде де күлкінің реңктерін білдіретін еліктеуіш сөздер күлкі иесінің жасынан, көңіл-күйінен, мінезінен, оның белгілі бір адамға немесе жағдайға деген ой-пікірі мен қатынасынан да, сонымен қатар күлкінің сипатынан да хабар бере алатынын байқауға болады: Есбол аға *шиық-шиық* күлді. Балықшылар *ду* күлді. Жігіттер *ши* түбіндегі қарайғанды жаңа ғана көріп, бірін-бірі шымшылап *мырс-мырс* күле

бастады. Бір уыс орған шөбіне бір қарап, *қыт-қыттап* күліп Мөңкеге барады. Қарт жырау *кеңк-кеңк* күлді.

Қазақ тілінде, сондай-ақ, күлкіні білдіретін еліктеуіш сөздердің корей тілінде, сонымен қоса көптеген өзге тілдерде кездесетін *ха-ха*, *хе-хе*, *хи-хи* сияқты түрлері де қолданылады: Ә, солай ма? *Хе-хе-хе!* Құрығы ұзын құдай оның тағдырын да... *ха-ха-ха-а...*міне, өз қолыма әкеліп берді (Ә.Нұрпейісов).

Ал корей тіліндегі күлкі реңктері былайша бөлінеді: көбіне қыздардың немесе жас балалардың бір ауыздан бірге күлгендегі дыбысы – *кка-ры-ры* (까르르); жарқын жымию – *ккэ-ды-дык* (깨드득); күлкіні әдейі тежеп, ішінен күлу – *киль-киль* (길길); жиі күлетін келбет – *но-тхоль-но-тхоль* (너털너털); мазақы етіп күлу – *пи-шик-пи-шик* (비식비식); бірнеше адамның бір мезетте күлуі – *джэ-гы-ры-ры* (재그르르); еш қысылмай бар дауыспен күлу – *ха-ха* (하하) (*хо-хо* (허허), *хе-хе* (헤헤), *хи-хи* (히히)) т.б. [4].

3-кесте

Адам шығаратын дыбыстар	Корей тілінде	Қазақ тілінде
аһлеу, үһлеу	퐁퐁 (коң-коң)	аһ, үһ
Түшкіру	애취 (э-чуи)	әпчү, әтпүш
Жылау	엉엉 (оң-оң)	а-а, ы-ы, ың-ың, ыз-ыз
Ыңылдау	앙앙 (аң-аң)	ла-ла-ла
Қорылдау	드르릉드르릉 (ды-ры-роң-ды-ры-роң)	кор-кор, пыр-пыр
Жөтелу	콜록콜록 (кхол-лок-кхол-лок)	күрс-күрс
Күлу	방긔방긔 (паң-гыт-паң-гыт), 싱긔싱긔 (щиң-гыт –щиң-гыт), 하하 (ха-ха), 헤헤 (хе-хе)	қарқ-қарқ, мырс-мырс, сылқ-сылқ, тырк-тырк
жүрек соғысы	두근두근 (ду-гын-дуг-ын)	дүрс-дүрс, тарс-түрс
ұйықтағандағы дыбыс	쿨쿨 (кхуль-кхуль)	пыс-пыс
Сүю	뿌뿌 (ппо-ппо)	шөлп
шапалақ ұру	짹짹 (чжуак-чжуак)	ду
адам қадамының дыбысы	뚜벅뚜벅 (тту-бок-тту-бок)	тақ-тақ, тоқ-тоқ, тық-тық, тып-тып
баланың дәмді тағамды жегендегі дыбысы	냠냠 (ням-ням)	ням-ням
денені абайсызда ауыртып алғандағы дыбыс	아아아아 (а-я-я-я)	ай, ой

Ендігі кезекте түрлі механизмдердің (машина, техника, музыкалық аспап т.б.) дыбыстарына, қимылдарына еліктеуден пайда болған

сөздерге келсек, корей және қазақ тіліндегі баламаларында мүлдем ұқсастық жоқ екендігін көруге болады.

4-кесте

Дыбыстар/кимылдар	Корей тілінде	Қазақ тілінде
қандай да бір қатты шыққан тарсыл (мысалы, мылтықтың атылуы, жарылыс)	핑 (пхон)	тарс (-тұрс), сарт (-сұрт), парс
құлау, соғылу, салдырлаған, қаңғырлаған дыбыс	꽁꽁 (кхуаң-кхуаң), 빵빵 (ппаң-ппаң)	дүрс, гүрс, салдыр-гүлдір, қаңғыр-күңгір
қоныраудың үні	찌르릉 (джи-ры-рын), 따르릉따르릉 (та-ры-рын-та-ры-рын)	дың (-дың), сыңғыр (-сыңғыр)
ауыр заттың құлауы	덜컹덜컹 (толь-кхо-дон)	дүрс
көліктің сигналы	빵빵 (ппаң-ппаң)	бип-бип
гитара үні	드릉릉 (ды-ры-дын)	дың-дың
сағаттың тықылдауы	똑똑똑 (ток-так-ток-так)	тық-тық
дабыл үні	동동동 (дуң-дуң-дуң)	Дүңк-дүңк
мотор дыбысы	웅웅 (уэң-уэң)	дыр-дыр, дыр-дар
паровоз үні	뿌우뿌우 (ппу-у-ппу-у)	гу-гу, дүт-дүт

Кестеде екі тілдегі қандай да бір заттардың дыбыстарын ортақ сәйкестендіргенімен, олардың бір-бірінен өзгеше, яғни бірінде бары екіншісінде кезікпейтін дыбыстарды анықтап көрсетуге болады. Олар – корей және қазақ халқының ұлттық музыкалық аспаптарының үні.

Самульнори (사물놀이) – төрт түрлі аспапта ойналатын корей ұлттық музыкалық аспабы. Самульнори (사물놀이) дыбысын былайша көрсетуге болады: Бок (북) – корей дабылы, шығаратын дыбысы – тың-дың (등등), мағынасы – жаңбыр алдындағы аспандағы қаптаған бұлт; Жиң (징) – жел гуілі, мағынасы – желдің соғуын сипаттайды; Жангу (장구) – құм сағат секілді дабыл, жаңбыр жауған дыбысты сипаттайды; Доң (동) – дабылды екі жақтан ұрғандағы дыбыс; Та (타) – дабылды оң жағынан ұрғандағы дыбыс; Куң (궁) – дабылды сол жағынан ұрғандағы дыбыс; Кхуң (ฆ) – найзағай дыбысын сипаттау [5].

Төрт түрлі аспапта табиғаттағы мынадай құбылыстарды, аспандағы кара бұлт, найзағай гүрсілін, жаңбыр үнін, жел гуілін сипаттау корей ұлттық аспабы самульноридің көмегімен жүзеге асады. Бұл аспаптың үні басқа тілдерде салып

беру мүмкін бола тұрғанымен, корей халқының өзіндік философиялық көзқарастарына бағына пайда болған дыбыстарын осы күйінде ғана көрсетуге болады. Сол сияқты қазақ халқының үрмелі аспабы – кернейдің үнін де басқа тілдерде жеткізу мүмкін болғанымен де, бұл аспаптың үні тек қазақ халқына ғана тән болып табылады. Оны қазақ тілінде та-та-та, тра-ра-ра деген еліктеуіш сөзбен білдіреді.

Қоршаған ортадағы түрлі жанды-жансыз дүниені дыбыстар арқылы емес, кимыл-қалпы, іс-әрекеті арқылы жеткізетін сөздер тобы бар екенін атап өттік. Бейнелеуіш сөздер еліктеуіш сөздерге қарағанда алуын түрлілігімен ерекшеленбейді. Егер де еліктеуіш сөздер айналамыздағы құбылыстарды есту қабілеті арқылы жеткізсе, бейнелеуіш сөздер құбылыстарды көзбен көру қабілеті арқылы жеткізеді. Мысалы: Ырғалып қарға қарқ етті; ірімшік аузынан салт етті деген сөйлемдерді алайық. Мұндағы қарқ деген сөз – қарғаның дауыстауынан естілген дыбыстың атын аңғартатыны, соған сәйкес, еліктеуіш сөз сол түсініктің атауы болатыны жоғарыда айтылды. Ал осы салалас сөйлемнің екінші жартысындағы салт деген сөз дыбысты емес,

қарғаның аузынан ірімшіктің жерге қарай түсіп бара жатқан я түскен кезіндегі көрініс елесін, сол көріністің бейнесін білдіреді.

Қуана күлген сіндімнің келбеті жаңа түскен тұман ұқсап *a-roң-korёssымнида* (아령거렸습니니다) (жалт-жұлт ету; бірде бар, бірде жоқ) (Мун Хе Ён «Бала кезімнің бейнесі»). Корей тіліндегі бейнелеуіш сөздердің мәселесі олардың дыбыстық еліктеуіш сөздермен әсері, қарым-қатынасы аясында жүреді. Мұндағы бейнелеуіш сөздер көзге көрнбейтін сезімдерді көзге көрінердей етіп, сезу, көру, дәм сезу сияқты бүкіл сезімдерді біріктіріп, есту қабілеті арқылы белгіленетін дыбыстық еліктеуіш сөздерді де ортақ жеткізетін сөздер болып табылады. Корей тілінде еліктеуіш сөздер мен бейнелеуіш сөздерді айыру оңайды іс емес. Сондықтан да оларды ажырата білу ең басты мақсаттардың бірі болып отыр. Осы мақсатқа жету үшін төмендегідей мысал келтіріп көрелік: Есік желден *толь-кхок* (덜컹) етіп жабылып қалды. Есіктің жабылған дыбысына жүрегім *толь-кхок* (덜컹) етті. Үлкен шар *ппоң* (뽕) етіп жарылды [6].

Дыбыс деп заттардың соқтығысуы негізінде пайда болған дыбыс толқындарының дабыл жарғағын сәйкестіндіре құлаққа жеткізу құбылысын айтамыз. Сол дыбыстың жүзеге асуы үшін қимылдың болуы заңдылық. Осыдан дыбыстық еліктеуіш сөздерде бейнелеуіштік элементтердің қосарланып жүруін көреміз. Еліктеуіш сөздер еліктеуіштік әрі бейнелеуіштік қасиеттерді тудыра өз қолданысын кенейте түседі. Ал қимыл кезінде дыбыстың болмауы да дәлел болып

отырғандықтан, бейнелеуіш сөздердің еліктеуіш сөздермен қатарлас жүру қажеттілігі жоқ.

Бейнелеуіш сөздерге тән тағы бір ерекшелікті көрсету үшін тағы да мысалдар келтіреміз. Мысалы, жоғарыда берілген күлкі реңкін білдіретін *ха-ха* (하하) еліктеуіші, сөздіктегі мағынасы бойынша, ауызды кең аша қысылмай күлгендегі дыбыс немесе бейне деп беріледі. *Ха-ха* (하하) еліктеуішінде өзіне ұқсас *хо-хо* (호호), *хи-хи* (히히), *хе-хе* (헤헤) сияқты түрлері бар екендігі де белгілі. Мұндағы *хо-хо* (호호) еліктеуіші, сөздікке сәйкес, ауызды домалақтатып, сәл ғана ашып қылымсып күлгендегі дыбыс немесе бейнені білдіреді. Берілген *ха-ха* (하하) және *хо-хо* (호호) күлкі реңктерін бір-бірінен ажырату дыбыстық жағынан гәрі келбеттік жағынан оңай келеді [7].

Сонымен дыбыстық еліктеуіш сөздерге қарағанда бейнелеуіш сөздер сөздің мағыналық жағын айыру үшін де молырақ септігін тигізіп отыр, яғни бұл бейнелеуіш сөздердің өзіне ғана тән, еліктеуіш сөздерден өзгешелігін білдіретін дербес ерекшелігі. Еліктеуіш-бейнелеуіш сөздер корей және қазақ тілінде де түрлі мағынаға ие бола алады, яғни екі тілге де синонимдік қасиет тән. Мәселен, бір заттың құлауы әсерінен пайда болған дыбыстарды корей тілінде *кхуаң* (꽂), *пхоң* (퐁), *ппаң* (뽕), қазақ тілінде мұндай қатты тарсылдаған дыбыстарды *тарс*, *тұрс*, *гұрс*, *парс* сөздері білдіреді. Ал омонимдік қасиет бұл зерттеуде тек қазақ тіліне ғана тән екенін көрсетіп отыр. Мысалы, *лақ* еткізіп төгу (еліктеуіш сөз) және қозы-лақ (зат есім).

Әдебиеттер

- 1 Салқынбай А. Қазіргі қазақ тілі. – Алматы: Қазақ университеті, 2008. – 264-266-б.
- 2 Сравнительно-историческая грамматика тюркских языков. Морфология. – М.: Наука, 1988. – 517 б.
- 3 Сарыбаев Ш. Қазақ тіл білімі мәселелері. – Алматы: Арыс, 2000. – 335-337-б.
- 4 Хан Джэ Ёнг. Корей тілін үйрету әдістері. – 2005.
- 5 Чэ Ван. Еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің тарихы мен мағынасы. Ұлттық тіл этимологиясы. – 1993. – 54-72 бб.
- 6 Ан Юн Джин. Корей тілін жоғарғы деңгейде үйренушіге арналған еліктеуіш-бейнелеуіш сөздерді үйрету әдістемелері. – 2010, Ханянг (Оңтүстік Корея).
- 7 Ко Гён Тхэ. Қайталама еліктеуіш-бейнелеуіш сөздердің үстеу ретінде қолданылуы туралы зерттеу. – 2009.

References

- 1 Salkhynbay A.khazirgi kazakh tili. – Almaty: Kazakh university, 2008. – 264-266-b.
- 2 Sravnitelno-istoricheskaya grammatika Turkic yazykov. Morfologiya. – Moscow: Nauka, 1988-517-b.
- 3 Sarybaev Sh. Kazakh til bilimi maseleleri. – Almaty: Arys, 2000. – 335-337-b.
- 4 Han Jae Yong. Korey tilin uyretu adisteri. – 2005.
- 5 Che Wan. Elikteuish-beyneleuish sozderding tarihy magynasy. Ultytyk til etimologiyasy. – 1993. – 54-72-b.
- 6 An Yong Jin. Korey tilin zhogargy dengeyde uyrenushige amalghan elikteuish-beyneleuish sozderdi uyretu adistemeleri. – 2010, Hanyang (Ontustik Korea).
- 7 Tae Kyung Co. Kaytalama elikteuish-beyneleuish sozderding usteu retinde koldanylyu turaly zertteu. – 2009.

CONTENTS
**Section 1
HISTORY**

<i>Amirgaliyeva A.M.</i> Questions to the external image of the Republic of China in the XXI century	3
<i>Boranbayeva A.Zh.</i> Turkic dynasty of Iran	9
<i>Iskakova Z.E., Zhumadilova G.T.</i> О европоцентристских взглядах на восточную культуру	15
<i>Manasheva M., Kortabayeva G.</i> Administrative-legal system of the ottoman empire	22
<i>Smagulova K.K.</i> Confucianism in China	27
<i>D.B. Shalkarov</i> The Role of the elements of the religious views of the tradition maturidia of Central Asian Islamic culture in the society	31

**Section 2
PHILOLOGY**

<i>Abagan A.B.</i> Brief history of the recognition of phraseology in cultural linguistics aspect	37
<i>Andabayeva D.A., Avakova R.A., Kortabayeva G.K.</i> The characteristic features of the syntax of modern Turkish language	42
<i>Akhmetbekova A.K., Koptileuova D.T.</i> The sufi understanding of Sh. Qudaiberdyuly	46
<i>Daulet F.N., Shaimerdenova G.G., Nurdolla A.</i> Zoonym «dog» in chinese, kazakh,russian and englisg languages	53
<i>Daulet F.N., Shaimerdenova G.G.</i> Gulinary codes in kazakh and chinese languages	59
<i>Daulet F.N., Shaimerdenova G.G., Dauletova G.O.</i> «Sacred numbers» in kazakh, russian and chinese cultures and languages	64
<i>Esenaliev Zh.Zh.</i> The methodological foundations of the theory of categorization	71
<i>Zhiyekbaeva A.B.</i> Terminologization of Arabic words in the common literary language	75
<i>Kenzhebaeva A.A.</i> The concept of «Chinese women» the back drop of the globalling uistic image.	80

<i>Kenzhebaeva A.A., Dosymbekova R.O.</i> The principles of forming terminology in modern Chinese language.....	84
<i>Kortabaeva G.K., Bisengali A.</i> The trend toward termination unit vocabulary Turkish.....	87
<i>Kydyrbayev K.A., Mustafayeva A.A., Inayatulla M.</i> Methods of wordorder in the dictionary formation «Al-Ain» of Al-Khalil.....	91
<i>Mustafayeva A.A., Kydyrbayev K.A.</i> The language situation in some Arab States: Arabization of the education system and its terms.....	95
<i>Nurelova A. M.</i> The structure of the adverbs in Japanese language.....	100
<i>Nurzhayeva A.M.</i> Comparative analysis of transmission of the word «曰» in kazakh, russian and english (based on the novel of Pu Songling «Miss Ying-ning, or the laughing girl»).....	103
<i>Nurzhayeva A.M.</i> The final particles of wenyan (based on the novel of Pu Songling «Miss Ying-ning, or the laughing girl»).....	106
<i>Salkynbayev M.B.</i> Absattar Derbisali and kazakh oriental studies.....	110
<i>Safronova L.V., Amirbekova U.A., Nurbaeva A.M.</i> Concept of numbers and cognitive poetics in the story Lawrence Sona «area of the triangle».....	116
<i>Serikkaliyeva A.E., Abdiman G.O.</i> On the endangered languages of modern China.....	122
<i>Smagulova A.S.</i> Linguistic basis of consecutive interpreting in scientific and technical texts.....	128
<i>Sharypkazy N.</i> Development and agitating the job of the great kazakh thinker and philosopher Abay in China.....	133
<i>Shatekova G.K.</i> Comparative analysis of korean imitative words with imitative words in kazakh language.....	137
Авторлар туралы мәліметтер.....	143